Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, біз бүгінгі сабақта Микки маус клубына саяхатқа барамыз. Ол үшін экранға назар аударайық. -Сонымен балалар, біз клубқа келдік.Микки маус клубының кейіпкерлерін барлықтарың білесіңдер ме? - Олай болса, қазір олар сендерге тапсырмалар береді. 1-тапсырма. «Дональдтың тапсырмасы» Суретпен жұмыс. Мына суреттерден қандай мамандық иелерін көріп тұрмыз? Олардың жұмыстарын атап шығайықшы. 2-тапсырма. «Дэйзидің тапсырмасы» «Суретші нені ұмытып кетті?» ойыны. Ойын көрнекілігі: суретті плакат, фишкалар. Ойын шарты: Балаларға суреттерде әр заттың жетіспей тұрған элементтерін атау ұсынылады. Ол үшін тақтаға суретші салған суреттер ілінеді.	-Ия Балалардың жауабы Балалар тапсырмаларды бар ынталарымен орындайды.

	Суреттегі заттардың салынбай қалған бөліктерін балалар табуы керек. Оқушылар төмендегі тапсырманы орындай отырып, сол бөліктерді (жапырақ, дөңгелек, сағат тілі, қоянның құлағы) плакатқа толықтырады. Дұрыс әрі тез жауап берген оқушы әр жауабына фишка алады. Осы фишкалар есебінен жеңімпаз тағайындалады. Сергіту сәті: Иіліп оңға бір, иіліп, солға бір. Жаттығу жасаймын. Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ , сол аяқ Жаттығу оңай-ақ.	Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды.
Рефлексиялық- түзетушілік	Жарайсындар балалар барлықтарың дұрыс жауап бердіңдер, ойынды да жақсы ойнадыңдар. Балаларды мақтап мадақтау.	

Күтілетін нәтиже:

Біледі: суреттегі атауларды;

Игереді: өз бетімен тапсырма орындауды;

Меңгереді: суреттергі заттардың салынбай қалған бөліктерін салуды.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің түрі

Күні:10,12,2019ж

Білім беру саласы: Қатынас

Ұйымдастырылған оқу қызметінің түрі: Вариативтік бағдарлама

Тақырыбы: Балабақшада кім бар?

Мақсаты: сурет бойынша сөйлем құрастырту. Суреттерге қарап оның түстерін, пішіндерін ажыратып, байланыптырып сөйлеуге үйрету.

Ойынның ережесі: балалар балабақша жайлы байланысты суреттердің аттарын атап, сөйлем құрастырып қатты және ақырын дыбыстап айтуға дағдыланады.

Көрнекі құралдар: балалар, ойыншықтар, балабақша, тәтті тамақ

Ойынның шарты: балабақша бағына байланысты суреттерді ұсынып, оларды қатыстырып сөйлем құрастырту арқылы балалардың логикалық ойлауын дамытып, сөздік қорын дамыту, ойларын жүйелі ойын түрінде жеткізуге баулу.

Билингвальды компонент: топ-группа, бөлме – коната, керует-кровать.

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Жылулық шеңбері Өсеміз біз күліп ойнап, Он саусақтың саласындай. Өсеміз біз күліп ойнап, Бір адамның баласындай.	Балалар тәрбиешімен бірге сәлемдесіп, жылы тілектерін айтады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар, сендер бүгін таңертең тұрып қайда келдіңдер? -Сендерге балабақшада ұнады ма? Балабақша өмірімен таныстырады. -Балалар, мынау біздің тобымыздың бөлмесі. Бөлmemіз жарық, әрі кең. Топта сендерге арналған көп ойыншықтар бар. Балаларға демонстрациялық көрнекілікті көсете отырып, балабақшаман таныстыру. -Мынау не? -Оған не саламыз? т.б. сипаттарын\ Айту, түсін көлемін айту. -Мынау не? -Оған не саламыз? -Қайдан ойыншық көріп тұрсыңдар? -Мынау не? (Керует-жататын төсек). -Онда не істейміз? (Ұйықтаймыз, т.б.) -Мынау не, (Қолжуғыш. Қолымызды жуамыз).	-Балабақшаға. -Ұнайды. -Шкаф. -Кимімізді, баскиім саламыз, аяқкиімді, Пальтоны саламыз. -Ойыншық шкафы. -Ойыншықтарды. -Аю, қоян, піл, Машинаны көріп тұрмыз.

	Тәрбиеші балаларды топ бөлмелерімен, ондағы құрал жабдықтармен, заттармен таныстырады. Балаларға әр бөлменің өзіндік ерекшеліктері бар екенін, топтағы заттарды ұқыптылықпен ұстау керек екенін түсіндіреді. №1 үлестірмелі материалмен жұмыс. «Нені қайда қоямыз?» дидактикалық ойыны. Дәрігердегі заттарды атай отырып, оларды қай жерге қоятынын айтту. Жеке жұмысты қажет ететін балалардан топ жиһаздарын сұрау, балалардың топтық және жеке әрекеттерін, олардың жауаптарын тыңдау. Сергіту сәті. Қане, қанат жазайық, Қарлығаш боп ұшайық. Ұшып, ұшып алайық, Орнымызға қонайық. (Б.Серікбаев).	-Қолжуғыш. Одан біз беті-қолымызды жуамыз. Заттарды атап, олар қайда тұратынын айту. (Мысалы, сырт киім және аяқ киім заттарын киім ілетін шкафтарға жинайды). Топ ішінде серуен жасайды. Қимылын келтіріп жаттығуды орындайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Сурет көрсете отырып, сұрақ-жауап арқылы оқу іс-әрекетті қорытындылайды. Балаларды мадақтайды.	Сұрақтарға жауап береді. Топ жиһаздарын атап, олардың не үшін қажет екенін айтады.

Күтілетін нәтиже :

Біледі: Топтағы заттардың аттарын атап, киімдерін киім ілетін шкафқа жинауды;

Игереді: Заттарды ұқыпты күтіп ұстау керектігін;

Меңгереді: Сұрақ-жауап арқылы диалогпен сөйлеуді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 17,12,2019ж

Білім беру саласы: Қатынас

Бөлімі: Вариативтік бағдарлама

Тақырыбы: «Үлкен – кіші» ойыны

Мақсаты: балаларды суретке қарап кейіпкерлердің суреттерін пайдаланып, өз қиялдарымен әңгімелеуге үйрету, Құстардың атын атап, оларды қатты әрі ақырын айтқызуға баулу.

Көрнекі құралдар: Құстар мен заттардың суреттері

Ойынның шарты: Құстардың суретін атын атап, үй құстары ма жабайы құстары ма екенін ажыратып балаға айту. «Тауық үлкен ба әлде балапан үлкен ба?» деген сұрақ қою арқылы балаларды салыстыруға өзіне сенімділікке үйрету. Содан соң суретке қарап әңгіме құрастырады. Берілген суреттегі заттарды құстардың үлкен – кіші көлеміне қарап, салыстырып сызық арқылы қосу. Әңгіменің басталуы, оқиғаның өрбуі, оқиғаның шарықтау шегі, оқиғаның аяқталуын ажырата біліп, ойын жүйелі баяндау үйрету.

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері: Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қанат қағамыз. Әлемдегі бар адамға, Тек жақсылық тілейміз.	Балалар, шеңбер болып тұрады
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар, сендер әтеш, қораз, балапан, тауықты білесіңдер ме? -Олар неге жатады? Жаздыгүннің бір күні өзен жағасына Қораз, Балапан, Тауық, Әтеш суға келіпті. Әрқайсысы өзіне лайықты ыдысты таңдап алды. Қораз үлкен шелек алды, тауық кішірек шелек алды, балапан крушканы алды, әтеш шыны банканы алды. Осы әңгіменің жалғасын балалар өз қиялдарын жалғастырып тәрбиеші оған дұрыс нұсқаушы ретінде, баланы толық тыңдап, ойын әрекетімен әңгімені жалғастырады.	-Ия -Үй құстарына жатады Балалар әңгімені ары қарай өздері жалғастырады.

	Сергіту сәті Мен қанатты жазамын, Суға жүзіп аламын. Суда жүріп жүземін, Он қанатты бір қағып. Сол қанатты бір қағып, Қанатымды қатайтып, Мен анамдай боламын.	Өлең жолдарына сәйкес қимылдайды.
Рефлексиялық- түзетушілік	Ой қосқан балаға марапаттау ұсынып, мақтап мадақтайды	

Күтілетін нәтиже:

Біледі:әтеш, қораз, тауық, балапан – үй құстары екенін;

Түсінеді:қайсысы үлкен, қайсысы кіші екенін;

Меңгереді:ойынның шартын.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 24,12,2019ж

Білім беру саласы: Қатынас

Бөлімі: Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Ол және олар» ойыны

Мақсаты: балаларды суретке қарап кейіпкерлердің іс қимылдары арқылы көпше және жекеше ұғымдарын үйрету. Сөйлемдерді грамматикалық байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.

Көрнекі құралдар: құстардың суреттері

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Жылулық шеңбері: Өсеміз біз күліп ойнап, Он саусақтың саласындай. Өсеміз біз күліп ойнап, Бір адамның баласындай.	Балалар тәрбиешімен бірге сәлемдесіп, жылы тілектерін айтады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Суреттеудегі атауларды атап айтқызу. Әрбір заттың, құстың атауын өзі грамматикалық сөздікті пайдаланып, жекеше, көпше, түрдегі қарапайым ұғымдарымен бала өз еркімен тапсырманы орындайтындай етіп үйрету. Сергіту сәті: Мен қанатты жазамын, Суға жүзіп аламын. Суда жүріп жүземін, Он қанатты бір қағып. Сол қанатты бір қағып, Қанатымды қатайтып, Мен анамдай боламын.	Балалар суреттегі атауларды атап айту. Өз еріктерімен тапсырманы орындау. Өлең жолдарына сәйкес қимылдайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Ой қосқан балаға марапаттау ұсынып, мақтап мадақтайды	

Күтілетін нәтиже:

Біледі: құстардың атауын;

Игереді: құстардың атауын грамматикалық сөздікке пайдаланып айтуды;

Меңгереді: әр бала өз еркімен тапсырманы орындауды.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 14,01,2019ж

Білім беру саласы: Қатынас

Бөлімі: Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Не қалай дыбыстайды?» (қайталау)

Мақсаты: балалардың үй жануарлары және олардың қалай дыбыстаны туралы түсініктерін бекіту.

Ойынның ережесі: балалар суретке қарап, жануарлардың дыбыстарын дыбыстайды, әрі суретте көрсетілген болса, сиыр оның, үй жануары екенін атап, дыбыстайды суретін бояйды.

Көрнекі құралдар: үй жануарларының суреттері

Ойынның шарты: үй жануарларының суретін тауып, не қалай дыбыстайтынын балалар дыбыстап келтіре отырып, сәйкес суреттерді бояйды.

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық -қозғаушылық	Шаттық шеңбер - Қане, қане тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрып болсаң шеңберге, Алақанды соғайық. Амандасып алайық.	Балалар бір-бірімен сәлемдесу сөздерін айтады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Мына суреттегі қандай жануар? -Дұрыс. Оның төлін (баласын) қалай атаймыз? -Дұрыс балалар . түйенің баласын көс-көс деп шақырады. Түйе бізге шұбат береді. Түйе бірнеше күндік аштық пен шөлге шыдайды. Ал, балалар, бұл қай жануар? (суретін көрсету) -Дұрыс, жылқының төлін не деп атаймыз? -Дұрыс , ал қалай дауыстап шақырамыз? Енді кезек мынау қандай жануар? -Дұрыс, сиырдың төлін қалай атаймыз? -Дұрыс , сиырды қалай шақырамыз, ол бізге не береді? Шаттық шеңбері Орнымыздан тұрамыз, Алақанды ұрамыз. Бір отырып, бір тұрып, Тез шынығып шығамыз. Дидатикалық ойын: «Төлін тап» Шарты: Әр малдың төлдерін тауып, қастарына қою	-Түйе -Бота -жылқы -құлын -қырау-қырау -Сиыр -Бұзау -«Аухау-аухау» Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды.

Рефлексиялық- түзетушілік	Есте сақтау үшін «Не қалай дыбыстайды?» ойынын ойнату. Онда төлдердің қалай шақыру керектігін қайталап аяқтайды. Қорытындылайды,мақтап-мадақтайды	Балалар сұрақтарға жауап береді
---	--	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларын ажырата;

Меңгереді:жануарлардың қалай дыбыстайтынын;

Игереді:үй жануарларының не беретінін.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 21,01,2019ж

Білім беру саласы: Қатынас

Бөлімі: Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Тез ойла» (қайталау)

Мақсаты: Сурет бойынша сөйлем құрастырту. Суреттерге қарап оның түстерін, пішіндерін ажыратып, сөздерден сөйлем құрастыруға үйрету.

Ойынның ережесі: балалар қыс мезгіліне байланысты суреттердің аттарын атап, сөйлем құрастырады.

Көрнекі құралдар: күн, қар, қысқы киім, аққала.

Ойынның шарты: қыс мезгіліне байланысты суреттерді ұсынып, оларды қатыстырып сөйлем құрастырту арқылы балалардың логикалық ойлауын дамытып, ойларын жүйелі жеткізуге баулу.

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық -қозғаушылық	Шаттық шеңбері Ал,қанеки тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық, Жақсы-жақсы сөздерді Бір-бірімізге сыйлайық.	Балалар шаттық шеңберін құрып,бір-біріне тілектер айтады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар, мен сендерге өлең жолдарын оқып бергім келіп тұр. Шанамен зырғып желетін, Коньки, шаңғы тебетін, Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсындар балалар? -Жарайсындар балалар, қыс мезгілінің белгілерін білеміз бе? -Күн -Қар -Қысқы киімдер -Аққала -Жарайсындар, балалар. Енді барлығымыз бірге сергіту сәтін орындап, бір серігіп қалайық: Сергіту сәті Шынығамыз бәріміз, Иіліп, бүгіліп, денеміз. Хоккейді де ойнаймыз, Шаңғыны да тебеміз. Әрлі - берлі жол салып, Қар лақтырып, ойнаймыз. Қорықпаймыз аяздан Спортшы болмай қоймаймыз.	-Қыс мезгілі -Қар жауады, аяз болып, боран соғады. -Күн шуақты. -Күн сары түсті. -Күн жарқырап шығып тұр. -Қыста қар жауады. -Қар ақ түсті. -Қыста адамдар, жылы киінеді. -Қысқы киімдерге тон, қолғап, малақай, пима жатады. -Қыста балалар аққала жасайды. -Аққала пішіні дөңгелек. -Балалар өлең жолдарына сәйкес қимылдайды.

Рефлексиялық- түзетушілік	-Жарайсыңдар, балалар! -Сендерге бүгінгі сабақ ұнады ма? Балаларды мақтап, мадақтау.	-Иә
------------------------------	--	-----

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қыз мезгілін;

Игереді: сурет бойынша сөйлем құрастыруды;

Меңгереді: логикалық ойларын дамытуды.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 28,01,2019ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: Ойнайық та, ойлайық

Тақырыбы: «Кімнің ізі тауып көрші балақай» (қайталау)

Мақсаты: балалардың сөздік қорын, логикасын дамыту. Әр жануардың іздерін ажырата білуге үйрет.

Ойынның ережесі: суреттердің атын айтқызып баланың қай ізі екенін анықтап, тапқан суретті бояйды.

Көрнекілік құралдар: суреттер

Ойынның шарты: балалар суреттердің атын атап, қатты әрі жай дыбыстап айтқызып жай сөйлемдерді тәрбиешінің көмегімен сызық арқылы қосып, суреттерді бояу.

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық - қозғаушылық	Шаттық шеңбері Армысың, Әлем! Армысың, Жарық күн! Армысың, абзал Адам! Армысың, менің досым!	Бір-бірімен амандасады Қолдарын жайып, көкке көтереді. Қолдарын алға созады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілінде дала қандай болады? -Дұрыс айтасындар, дала аппақ қар. Қарандаршы, аппақ қарға ешқандай із түспепті. Ешкім де, еш нәрсе де қар бетімен жүрмепті. Міне, сендердің алдарыңда ақ қағаз, сендер оны «қар жамылған дала» деп елестетіндер. Осы ақ қардың үстіне бояумен із түсіріп көрейік. -Енді мына қоянға көмектесейік, ол қарда қалай жүгіреді екен? - Бұл ненің ізіне ұқсайды? Мына ойыншықтарды қағаз бетіне жүргізіп көріндерші. Балалардың жұмыс барысында ұқыпты жұмыс істеулері қадағаланады. Жалт-жұлт етеді, Ұстасаң еріп кетеді. Суға батпайды, Отқа жанбайды.	-Қыс -Аппақ Ақ қағазға бояумен із түсіреді. -қар -мұз Жұмбақтар шешуін табады.

	Сергіту сәті: Бір, екі, үш, Қане, қанат қағамыз. Бір, екі, үш, Қарлығаш боп ұшамыз. Бір, екі, үш, Жинап алдық күш. Қимылдық ойын: «Бұл ненің ізі?» Ойының шарты: қай аңның ізі екенін табу.	Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды Ойынға белсене қатысады.
Рефлексиялық- түзетушілік	-Біз бүгін нені үйрендік? -Қандай аңдардын іздерін білесіңдер? -Балалар, сендерге бүгінгі сабақ ұнады ма? Балаларды мақтап, мадақтайды.	-Қағаз бетіне із салып. -Аю, түлкі, қасқыр, шымшық, торғай, үйрек, т.б. -Иә.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қыста қарда оның үстімен жүріп өткен адамдар, жануарлар мен құстардың іздері қалатынын;

Игереді: аңдар туралы қарапайым түсініктерді;

Меңгереді: ойыншық аңдарды қағаз бетінде жүргізеді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 04.02.2019ж

Білім беру саласы: Қатынас

Бөлімі: Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Қайсысы жылдам қозғалады?» (қайталау)

Мақсаты: Көліктердің қайсысы жылдам қозғалатынын, олардың адамдарға не үшін қажет екенін айтқызу.

Ойынның ережесі: әртүрлі көліктер суреттерінің аттарын атап, олардың адамға пайдасы туралы айтқызу және қозғалыс жылдамдығын ажыратқызу.

Көрнекі құралдар: тікұшақ, трамвай, кеме, қайық суреттері.

Ойынның шарты: тәрбиеші балаларға түрлі суреттерді таратып береді. Балалар сол суретке сәйкес сөздерді ұйқастырады. Олардың аттарын ажыратып, адамға не үшін қажет екенін айтады. Олардың қозғалу жылдамдығы туралы білетінін дәлелдеп айтып береді.

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық - қозғаушылық	Шаттық шеңбері: Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік.	Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды. Қолдарын жайып, көкке көтереді. Қолдарын алға созады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Ал балалар осы сендер балабақшаға таңертең немен келесіңдер? - Иә барлықтарың көлікпен келеді екенсіңдер. -Балалар, көліктердің әр түрлі ерекшеліктері бар. -Ал, сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер? -Дұрыс айтасыңдар. Мысалы: ұшақ туралы не білесіңдер? -Иә, балалар алыс қалаларға, елдер арасына ұшақ арқылы тез баруға болады. Ойын: «Кім жылдам». Ол үшін 3 топқа бөліну керек, сосын жол жүру белгісін дұрыс құрастырып және мәнін түсіндіреміз. Сергіті сәті: Орнымыздан тұрамыз, Қанатымызды жаямыз, Ұшақ болып ұшамыз. Суда жүйіткіп жүземіз. Кемелерді түземіз, Жол тәртібін сақтап, Троллейбусқа мінеміз.	-Жеңіл көлікпен. -Ұшақ, пойыз, автобус, трамвай, кеме, велосипед, т.б. -Ұшады, дыбыстайды, көтеріледі. Ойынға белсене қатысады. Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды.

Рефлексиялық- түзетушілік	-Балалар, сендерге бүгінгі сабақ ұнадыма? Балаларды мақтап, мадақтайды.	-Иә
--------------------------------------	--	------------

Күтілетін нәтиже:

Біледі:көлім түрлерін;

Игереді:көліктердің қаншалықты жылдам екендігін;

Меңгереді:қай көлім жылдам екенін ажырата білді.

Техкартаны толтырған тәрбиеші:

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 11,02,2019ж

Тақырыбы: Велосипед.

Мақсаты: Велосипед тебу кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы білім беру.

Көрнекіліктер: суреттер.

Оқу іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Әй, жолда неғып иіріліп тұрсыңдар? Велосипед келе жатқанын көрмейсіңдер ме? Қағып кетсем қайтесіңдер?	Шаттық шеңберінде тұрғанда велосипедпен бір бала зуылдап келеді.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Велосипед болғаны өте жақсы. Ендеше біздің жолда жүру ережелерін білуіміз керек. Атың кім өзіңнің? -Атым, Зуылбек. Велосипедпен зуылдап жүремін. Кенет Зуылбектің көзі қызыл жолақпен көмкерілген сары түсті дөңгелек белгідегі велосипедке түсті. -Әй, мынау мен үшін жасалған белгі ғой. Испектор: Иә, сен үшін. Бұл белгінің аты «Велосипед жүрмейді» -Жүрмейді? Тапқан екенсің! Зуылбектің велосипеді жүрмейтін жер жоқ, білдің бе? Мен үшін аула, көше, бақ бәрі ашық. (кекетіп) Сендерше айтқанда, қалай еді, әлгі жасыл жарық. -Мұны да белгі дейді ау. Әй, көшеге пәтер ішінде тұратын жылу батареясы не үшін керек? Инсп: Зуылбек-ау, нағыз саған керек белгі. Айталық, сен велосипедпен зуылдап келесің дейік. «Шлагбаумы бар темір жол өткелі бар» деген сөз. Ұқтың ба? -А-а...(қолын сілтеп) бұл белгінің де қажеті бола қоймас. Салдырап-гүрілдеп пойыз жеткенше, зу етіп те үлгеремін. Адамның белгісі салынған нұсқау белгісінің жанына тоқтап -(басын шайқап) төртбұрыш, ақ үшбұрыш, қара адам?! Инсп: Жаяулар өтпесін -Велигім тұрғанда мұны қайтем. Велосипедін келген жаққа бұрады. -Қой, мен зуылдайын. Бұл белгілерді түгендеймін деп жолымнан қалармын. Сау болыңдар, ережелер!	Балалар назарларын велосипедке аударады. Балалар мұқият тыңдайды. Бәрі күледі. Балалардың жауабы.
Рефлексиялық - түзетушілік	Шынында да жол жүру ережесін білген дұрыс екен. Балалар: Дұрыс, кел қатарымызға қосыл. Инсп: Көрдіндер ме, балалар, жолда жүру ережесін сақтамаған Зуылбек жазым болуға аз ғана қалды. Енді ол жол белгілерін үйренетін болады.	Балалар өзара әңгімелеседі.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: велосипед;

Игереді: велосипед тебу;

Меңгереді: велосипед тебу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 18,02,2019ж

Тақырыбы: Су тасқынынан кейін не істеуіміз керек?

Мақсаты: Су тасқынынан кейінгі іс-әрекеттерді үйрету.

Көрнекіліктер: суреттер.

Оқу іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Отбасымыз жиналсын, Туыскандар қуансын. Құшақ жайып қарсы алып, Амандасып сәлем – деп, Таңдар атар күлімдеп.	Шаттық шеңберінде тұрғанда велосипедпен бір бала зуылдап келеді.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Су тасқынынан кейін: Гимаратқа кірер алдында қандай да болмаса бір заттың құлау немесе қопарылу қаупі бар ма жоқ па тексеру. Ашық отты пайдаланбау және сіріңкені жақпау керек. Өз үйіңіздің фундаментінің тұтастығын, қабырға, терезе, еденнің бүтіндігін, газ және электр жүйелерін мұқият тексеру. Зақымданған электр және газ жүйелерін қосуды мамандарға тапсыру керек. Үй орнықтылығына күдіктенсеңіз, үй ішінде қалмау, азық-түліктің жарайтынын тексеріп, суды қайнату керек. Су тасқыны дүниемүлікке зор шығын келтірсе, жергілікті атқарушы органдардан көмек сұрау қажет. Жайларды кептіру үшін есіктер мен терезелерді ашу, едендегі және қабырғалардағы кірді жуып, подвалдардағы суды шығару. Сумен тікелей жанасқан тамақ өнімдерін пайдаланбау. Құдықтарды тазартуды ұйымдастырып ондағы лас суды шығару.	Балалар назарларын суретке аударады. Балалар мұқият тыңдайды. Балалардың жауабы.
Рефлексиялық - түзетушілік	Табиғи апаттардан аман болайық, балалар!	Балалар өзара әңгімелеседі.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: су тасқыны;

Игереді: су тасқынының пайда болу себептері;

Меңгереді: су тасқынынан кейінгі дұрыс әрекет ету жолдарын.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 25.02.2019ж

Тақырыбы: Қала көліктері.

Мақсаты: көше қозғалысы туралы білімін жетілдіру.

Көрнекіліктер: суреттер.

Оқу іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Автобус, троллейбус, трамвай, метро, пойыз. -Бұл көліктерді қайдан көрдіңдер?	Шаттық шеңберінде тұрады. Қаладан.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	«Қала» мәтінінің мазмұнын сұрау. -Қалада халық қалай шоғырланған? -Қаланың үйлері қандай? -Қалада жылу мен суды қайдан алады? -Қалада нелер бар? -Адамдар қаланың бір шетінен екінші шетіне қалай қатынайды? -Қазақстанның ірі қалаларын ата? -Сен қай қалада тұрасың? -Сенің қалаңда балаларға арналған қандай орындар бар? -Балалар, сендер жаңа қаланың бір шетінен екінші шетіне көліктердің тұрақты қатынайтынын айттыңдар. Ол қандай көліктер? -Бүгін тез арада Алматыға жетуің керек, қалай жетесің? -Теңіздің арғы бетінде бір елге баруың керек, қалай жетесің? Қала көшесіндегі көліктердің қозғалысы, бағдаршам, жол белгілері. Түсіндіру. Дидактикалық ойын: «Жолдан өте аласың ба?» Шарты: екі топқа бөлініп ауыл мен қала көшелерінен өтеміз. 1 топ ауыл көшелерінен өтсе, 2 топ қала көшелерінен яғни бағдаршамға, жол белгілеріне қарап өтулері керек одан кейін орындарын алмастырады.	Балалар назарларын суретке аударады. Автобус, троллейбус, жеңіл машиналармен. Балалар мұқият тыңдайды. Ұшақпен. Кемемен. Балалардың жауабы.
Рефлексиялық - түзетушілік	Табиғи апаттардан аман болайық, балалар!	Балалар өзара әңгімелеседі.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қала көліктерінің түрлерін;

Игереді: қала көліктерінің қозғалысын;

Меңгереді: көше қозғалысын.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 02, 03, 2019ж

Тақырыбы: Құтқарушы болу құрмет!

Мақсаты: Құтқарушы мамандығы туралы түсінік беру. Құтқарушы мамандығына деген құрмет сезімін ояту.

Көрнекіліктер: суреттер.

Оқу іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Топқа өрт сөндіруші қонақ болып келеді. Балалар қарандаршы, бізге бүгін қонақ келді.	Шаттық шеңберінде тұрады.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	- Құрметті құтқарушы, сіздердің атқарып жатқан қызметтеріңіз өте ауыр. Әрбір минут сайын, әрбір сағат сайын сіздер біз үшін, халық үшін жандарыңызды пида қылуға дайын болып, өмірлеріңді қатерге төндіресіздер. Ерлік, тәуекелдік, айбын деген қасиеттер тек сіздердей азаматтарға сай. Енді осы мамандық туралы айтып өтсеңіз, біздің балалар тыңдар еді. -«Ал, балалар, мен құтқарушы деген ағаларыңмын, бізді өрт сөндіруші деп те атайды. Кейбіреулер үшін бұл жұмыс қатер, кейбіреулері үшін достық, себебі төске-төс тілсіз жаумен күресу достыққа алып келетіні сөзсіз. Ал кейде осы жұмыстың арқасында өзің үшін ұстазыңды, кеңесшіңді табасың. Менің де тәрбиешім бар, әрқашан кеңес алып, оны үлгі тұтам. Жұмысымды өте ұнатамын. Себебі осында біз қиындықтарға мойымау, отанымыз үшін қызмет ету, оны сүю деген қасиеттерге тәрбиеленеміз», -деп аяқтады. Ойын: Біз құтқарушымыз. -Көрдiңдер ме, балалар? Құтқарушы болу құрмет! Адалдық пен жауапкершілік сезімі – осы адамдардың қандарына сіңген қасиет. Мемлекеттік қызмет, соның ішінде өрт сөндірушінің жұмысы бейбіт өмірден қас-қағым сәтте майданға барғанмен бірдей. Бұл-нағыз ер азаматтың батылдығын, кәсіби шеберлігін шыңдайтын орта.	Балалар назарларын суретке аударады. Балалар мұқият тыңдайды. Балалардың жауабы.
Рефлексиялық - түзетушілік	Балалар, бүгін сабаққа өте жақсы қатыстыңдар.	Балалар өзара әңгімелеседі.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Құтқарушы туралы;

Игереді: Құтқарушы мамандығын

Меңгереді: Адалдық пен жауапкершілік сезімін.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 10.03.2019ж

Тақырыбы: Бірнеше көлікке арналған жол.

Мақсаты: Жолдардың әр түрлі болатындығы (тар, кең, карама-қарсы бірнеше көлікке арналған жол) туралы білім беру.

Көрнекіліктер: суреттер.

Оқу іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Ұл-қыз сәлем береміз, Өнегелі өренбіз. Біздер- қазақ баласы, Сәлем – сөздің анасы.	Шаттық шеңберінде тұрады.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	- Балалар тақтадан не көріп тұрмыз? Жолдар - тегіс жолдар, кең жолдар, тар жолдар, ұзын жолдар, қысқа жолдар болады. Астанамыздың көшелері кең, үлкен қаламызда көліктер де көп. -Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын. Төбесінде шырағы, Жолаушының пырағы. Барасың деп қай жаққа, Алдын күтіп тұрады. Шахматтың тақтасы, Секілді онда таңба бар. Бұл қай көлік? (такси) -Бәрекелді! Біздің қалада көліктердің түрлері көп екен. Бүгінгі сабағымызда жолда жүру ережелерін, жаяу жүргіншілерге арналған белгілерді таңбаларын есімізге түсіріп алайық. Бағдаршам туралы тақпақ кім біледі? Менің атым «бағдаршам», Жақсы білем міндетімді. Мекен-жайым тұрақты, Мүдірмеймін ешқашан. «Бағдаршам» ойынын ойнату.	-Көшелер, көліктер. Балалар назарларын суретке аударады. Балалар мұқият тыңдайды. Балалардың жауабы.
Рефлексиялық - түзетушілік	Жол жүрудің тәртібін, Ережесін білеміз. Сақтағанда қатерден, Сау-саламат жүреміз. Балалар, көшеде біз тар жолмен, яғни жиек жолмен жүреміз.	Балалар өзара әңгімелеседі.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Жолдардың әр түрлі болатындығын;

Игереді: әр түрлі жолдармен жүру ережелерін;

Меңгереді: жол ережесін.

Күні:17,03,2019ж

Мақсаты: Тұрмыстық заттардың қауіпті жақтарымен таныстыруды жалғастыру. Қауіпсіздік сақтау ережелерін бұлжытпай орындауға дағдыландыру.

Көрнекіліктер: суреттер.

Күтілетін нәтиже:

Игереді: Үйдегі үлкендердің көмегімен ғана ол құралдарды пайдалану;

Меңгереді:Қауіптің түрлері көп.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 24.03.2019ж

Тақырыбы: Жол реттеуші.

Мақсаты: Жол реттеушінің қызметі туралы білім беру. Жол реттеушінің сигналы туралы әңгімелесу.

Көрнекіліктер: суреттер.

Оқу іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Жұмбақ жасыру. Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Ысқырықпен түзеткен, Өміріңді күзетке. (Милиционер)	Шаттық шеңберінде тұрып қайталайды.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Реттеуші деген кім? Реттеуші алғаш үлкен қалаларда пайда болған, яғни оның негізгі міндетті көшедегі қозғалысты реттеу. Оны реттеу үшін ол жезл деген құралды пайдаланады. Көпшілік оны «ала таяқ» деп те атайды. Үлкен қалаларда не көп, бағдаршамдар көп. Олардың көпшілігі көнеріп, істен шығып қалып жатады. Тіпті кейде көлік қозғалысы шамадан тыс көбейіп кетуі де әбден мүмкін. Ондайда жүріс-тұрысты реттеу үшін бағдаршамдар орнына реттеуші тұрады. Ол ала таяқшаның көмегімен қозғалысты қалыпқа келтіреді. Егер реттеуші түн мезгілінде тұрса, жүргізуші көретіндей яғни таяқшаның ішінде жанып тұратын белгі болады. Егер реттеуші таяғын жоғары қарай көтерсе, бұл дайындалу керектігін ескертеді. Мұндай жағдайда жүруге болмайды. Реттеуші бізге қарап тұрса немесе арқа жағын беріп тұрса онда жүруге болады деген сөз, жүруге рұқсат берілген жағдайда реттеушінің екі иығы да саған көрініп тұрады. Егер бағдаршам жұмыс істеп тұрса, реттеуші де тұрса, онда реттеушінің қимылын басшылыққа алу керек. Дидактикалық ойын: Адасып қалған белгілер.	Балалар назарларын суретке аударады. Балалар мұқият тыңдайды. Балалардың жауабы.
Рефлексиялық - түзетушілік	Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзбаңдар, жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Жол тәртібін білейік, есен – аман жүрейік!	Балалар өзара әңгімелеседі.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Жолреттеуші;

Игереді: Жолреттеушінің сигналы;

Меңгереді: Жол тәртібін.